

Кикбоксингтен III ашық Азия чемпионатын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 19 қыркүйек N 144-ө

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің, Дүниежүзілік кәсіби кикбоксинг қауымдастығының (WPKA) 2002 жылғы 2-6 қазанда Қазақстан Республикасында кикбоксингтен III ашық Азия чемпионатын (бұдан әрі - Азия чемпионаты) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Азия чемпионатын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Астана қаласының әкімі Астана қаласындағы "Қазақстан" спорт сарайында Азия чемпионатын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Азия чемпионатына қатысушылардың және ресми адамдардың келу және кету құжаттарын рәсімдеуге жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Азия чемпионатына қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыс өтетін жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтауды, қауіпсіздікті, Астана қаласындағы қонақ үйлерде Азия чемпионатына қатысушы шетелдік азаматтардың тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан" спорт сарайында Азия чемпионатының баспасөз орталықтарын халықаралық телефон байланысымен және Интернетке қол жетімділікпен қамтамасыз етсін, Алматы және Астана қалаларының әуежайларында Азия чемпионатына қатысушыларды күтіп алу мен шығарып салуға жағдайлар жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Азия чемпионатының ойындарын дайындау және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

8. Азия чемпионатын дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды

қаржыландыру 2002 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы іс-шараларды орындауға жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражат есебінен және соның шегінде, сондай-ақ демеушілік көмек тарту есебінен жүзеге асырылсын.

9. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 ж. 19 қыркүйектегі
N 144 өкімімен бекітілген

Кикбоксингтен ашық Азия чемпионатын дайындау және өткізу
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің

ҚҰРАМЫ

- Елекеев - Қазақстан Республикасының
Ирак Қасымұлы Әділет вице-министрі, Қазақстан
Республикасы Кикбоксинг, тай боксы
және жауынгерлік өнерлер
қауымдастығының президенті, төраға
Қанағатов - Қазақстан Республикасының Туризм
Елсияр Баймұхаметұлы және спорт жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары, төрағаның
орынбасары
Мұхаметжанов - Астана қаласы әкімінің орынбасары,
Төлеген Мұхаметжанұлы төрағаның орынбасары
Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:
Рябченко - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Олег Григорьевич ақпарат және қоғамдық келісім бірінші
вице-министрі
Айдарханов - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Арман Тергеуұлы сақтау вице-министрі
Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының
Нұралы Сұлтанұлы Білім және ғылым вице-министрі
Нығматулин - Қазақстан Республикасының Көлік және
Нұрлан Зайроллаұлы коммуникациялар вице-министрі
Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович вице-министрі
Мұхаметжанов - Қарағанды облысының әкімі
Камалтин Ескендірұлы
Рақымжанов - Қазақстан Республикасының
Әмірхан Мұратбекұлы Премьер-Министрі Кеңесінің
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі
менгерушісінің орынбасары
Әлімбекова - Қазақстан Республикасы Туризм және

Гүлнәр Смәділқызы спорт жөніндегі агенттігі қаржы-
экономика бөлімінің бастығы

Төкеев - Қазақстан Республикасының Туризм және
Серік Адамұлы спорт жөніндегі агенттігі Ұлттық штаттық
командалар және спорттық резерв
дирекциясының басшысы

Қасқабасов - Қазақстан Республикасы Президентінің
Серік Сейітұлы Іс басқармасы "Қазақстан спорт сарайы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
директоры (келісім бойынша)

Зәкіриянов - "Қазақ спорт және туризм академиясы"
Қайрат Хайроллаұлы жабық акционерлік қоғамының
президенті-ректоры (келісім бойынша)

Қорғамбаев - Қазақстан Республикасының Кикбоксинг,
Айталап Қалабайұлы тай боксы және жауынгерлік өнерлер
қауымдастығының атқарушы директоры
(келісім бойынша)

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.